Хаттама №1

2021 жылғы тамыздың 29 күні Жолымбет кентінің №2 жалпы орта мектебінің бастауыш сынып әдістемелік бірлестігінің отырысы болып өтті.

Төрағасы: Хыдырхан Майра
Хатшысы: Тохай Бахытбек
Барлығы- 7
Қатысқандар: 7
Қатыспағаны-0

Күн тәртібінде:

1.2021-2022 оқу жылына орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшелігі, туралы әдістемелік нұсқау хатты талдау
2. 2021-2022 оқу жылындағы санитарлық талаптар жайлы, биылғы оқу жылының ерекшеліктері
3.Жаңа 2021-2022 оқу жылының күнтізбелік жоспарын және әдістемелік бірлес тіктің іс жоспарын бекіту.
4. Инновациялық технологиялардың бастауыш мектептегі білім сапасын арттырудағы маңызы

5. Қосымша берілген факультатив сабақтардың жоспарын бекіту.

Тыңдалды:

1. Әдістемелік бірлестік жетекшісі Хыдырхан М. 2021-2022 оқу жылына ҚР жалпы білім беру ұйымдарында ғылым негіздерін оқыту ерекшіліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстырды. «Әліппе» оқулығы және оқу бағдарламасына тоқталып өтті.
   * Жаңа 2021-2022 оқу жылына әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспары талқыланды.
2. Екінші сұрақ бойынша 2021-2022 оқу жылында санитарлық талаптар жайлы ескертілді.
3. Мұғалімдер өздері сабақ беретін пәндері бойынша 2021-2022 жаңа оқу жылындағы күнтізбелік іс – жоспарларын оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген орта білім берудің (бастауыш негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкестігін ескеріп аудандық білім беру бөлімінің тарапынан ұсынылған «Алматыкітап» оқулығы бойынша жоспарлағандарын айтты.
   **Шешім:**
   1.2021-2022 оқу жылына әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын бекітсін

   2. 2021-2022 оқу жылына тақырыптық күнтізбе жоспарын бекітілсін.

«Ақмола облысы білім басқармасының  Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі
Жолымбет кентінің  №2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
Бастауыш сынып әдістемелік бірлестігінің отырысының №2 хаттамасы

Өткізген уақыты: 01.11.2021ж
Қатысқаны: 11

Күн тәртібінде:

1. 1 -тоқсанның  қорытындысы әдістеме жетекшісі  Хыдырхан М.
2. Олқылықты жою бойынша салыстырмалы көрсеткіштер 2-4 сынып жетекшілері
3. «Зерде» шығармашылық байқауына қатысатын оқушылар жұмысы сынып жетекшілері

Тыңдалды:

1.Бастауыш сынып әдістеме бірлестігінің жетекшісі Хыдырхан Майра
I-  тоқсанның қорытындысы туралы айтып өтті. Бөлім бойынша жиынтық бағалаудың талдауы және тоқсандық жиынтық нәтижесі талданды. Әр сыныпта оқу жылдамдығының қорытындысы айтылды.

1. Олқылықтарды жою бойынша ай сайынғы 2-4 сынып оқушыларының білім сапасының көрсеткішінің  салыстырмала нәтижесі талданып, үлгерімі төмен оқушылармен жеке-дара қосымша сабақтар өткізу ұйғарылды.
2. «Зерде» шығармашылық байқауына қатысатын оқушылардың жұмыстарының дайындық барысы және арықарай жетілдіру бойынша үсыныстар айтылды.

Шешімі:

1. I – тоқсанның қорытындысы есепке алынып, білім сапасын көтеру жұмыстары жалғастырылсын.
2. Үлгерімі төмен оқушылармен жүйелі, жоспарлы жұмыс жүргізілсін.
3. «Зерде» шығармашылық жұмысын жетілдірілсін

Хатшы:                                    Тоқай Б.

«Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Жолымбет кентінің №2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
Бастауыш сынып әдістемелік бірлестігінің отырысының №3 хаттамасы

Өткізген уақыты: 5.01.2021ж
Қатысқаны: 11

Күн тәртібінде:
1.2-4 сыныптар білім мониторингісі I жарты жылдың қорытындысы

2. Әдістемелік бірлестіктің жарты жылдық есебі
3. Мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасу сабақтарының талдауы

Тыңдалды:
Бірінші сұрақ бойынша әр сынып жетекшісі оқушылардың оқу үлгерімі,білім сапасы туралы есеп берді. Әр сыныпта алдыңғы тоқсандағы білім деңгейімен салыстырғанда осы тоқсанда білім сапасының көрсеткіші жоғары айтылды. Үлгерімі төмен оқушылармен жүргізіліп жатқан жұмыстардың нәтижесі талданды. Дарынды балалармен шығармашылық жұмыстар жүйелі жүргізіліп жатқан айтылды.
Екінші сұрақ бойынша ӘБ. жетекшісі Хыдырхан Майра сөз алып, әдістемелік бірлестіктің жарты жылдық жұмысына талдау жасады. 1-тоқсанда өтілген апталықтың нәтижесі, «Зерде» аудандық кезеңіне қатысатын оқушылардың дайындық деңгейі, кезекті аттестатциядан өткен мұғалімдердің көрсеткіші, тест сұрақтарын талдады.
Үшінші сұрақ бойынша ӘБ жетекшісі сөз алып, мектеп әкімшілігі тарапынан жоспарланған тәжірибе алмасу сабақтарының жетістіктері мен олқылықтарына тоқталды. Жас мамандардың тәжірибелі ұстаздардың сабағына қатысып, сабақта озық әдіс-тәсілдерді қолдану қажеттігі және сабақ барысында оқушымен жұмыс жасау, сыныпты басқара білу, бағалау бойынша кейбір олқылықтар айтылып, тәлімгер ұстаздардың жас маманмен жұмысты нәтижелі, жүйелі жүргізіп,үнемі талдау жасап отыру қажеттігі айтылды.

Шешім:

1.II – тоқсанның қорытындысы есепке алынып, білім сапасын көтеру жұмыстары жалғастырылсын.
2.«Зерде» шығармашылық жұмысын жетілдірілсін. Мұғалімдер ҰБТ жүйелі дайындалсын.
3.Тәжірибе алмасу сабағы жетілдірілсін. Жас мамандар өзара сабаққа қатысып, өз сабақтарына талдау жасасын. Тәлімгер ұстаздар жас маманмен жұмыста нақты нәтижеге жұмыс жасасын.

Хатшы: Тохай Б.

«Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Жолымбет кентінің №2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
Бастауыш сынып әдістемелік бірлестігінің отырысының №4 хаттамасы

Өткізген уақыты: 25.03.2022ж
Қатысқаны: 11

Күн тәртібінде:

1. Бастауыш сынып бойынша 2-4 сыныптардың мониторинг талдауы 3-тоқсанның қорытындысы
2. Мектепішілік олимпиадаға талдау
3. Аттестациядан өтетін педагог қызметкерлердің аттестаттау ережесімен таныстыру

Тыңдалды:

Бірінші сұрақ бойынша әр сынып жетекшісі оқушылардың оқу үлгерімі,білім сапасы туралы есеп берді. 2-4 сыныптарда БЖБ, ТЖБ бекітілген кесте бойынша уақытында алынып,талдау жасалды. Үлгерімі төмен оқушылармен жүргізіліп жатқан жұмыстардың нәтижесі талданды. Дарынды балалармен шығармашылық жұмыстар жүйелі жүргізіліп жатқан айтылды. Олқылықтар бойынша жүргізілген жұмыстың нәтижесіне талдау жасалды.

Екінші сұрақ бойынша 3-4 сынып жетекшілері сөз алып, олимпиада тапсырмаларын саралап, нәтижелеріне талдау жасады.

Үшінші сұрақ бойынша ӘБ жетекшісі Хыдырхан Майра сөз алып, көктемде аттестациядан өтетін мұғалімдерді атап, ҰБТ кірген өзгерістерді атй келе, аттестация ережесімен ұстазды таныстырды. Әртүрлі тақырыпта эссе жазуға, педагогикадан дайындалу қажеттігін айтып өтті.

Шешім:

1. 3 – тоқсанның қорытындысын есепке алып, олқылықтармен және бір «4», бір «3» шыққан оқушылармен жеке жұмыс жүргізілсін.
2. Олимпиада қатысатын оқушы санын арттыру. Қосымша сабақтар арқылы жеке дайындалсын.
3. Оқушалар санын арттырсын. Оқушыларды жеке дайындасын.

Хатшы: Тохай Б.

«Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі
Жолымбет кентінің №2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
Бастауыш сынып әдістемелік бірлестігінің отырысының №5 хаттамасы

Өткізген уақыты: 05.26.2022ж
Қатысқаны: 11

Күн тәртібінде:

1. IҮ тоқсанның қорытынды есебі. Сынып жетекшілердің жылдық есебі
2. Биылғы оқу жылындағы ӘБ бірлестігінің есебі, келер оқу жылына жоспар
3. Әртүрлі сұрақтар және жазғы мектептің ұйымдастырылуы, күнтізбелік жоспары

Тыңдалды:

Бірінші сұрақ бойынша 1-сыныптардың оқу динамикасы бойынша Хыдырхан М., Сәрсенби И., сөз алып, оқудағы жетістіктер мен қиындықтарға тоқтала келіп, әр сыныптан бағдарламаны толық меңгермеген оқушылар аталып, олармен жүргізілген жеке жұмыстарға талдау жасалды. Келесі кезекте әр сынып жетекшілер кезекпен сөз алып, оқу жылындағы атқарылған жоспарлы жұмыстарымен және жетістіктері, тоқсандық,жылдық білім сапасы , үлгерімімен таныстырды.

Екінші сұрақ бойынша ӘБ жетекшісі Хыдырхан Майра сөз алып, биылғы оқу жылына жоспарланған барлық іс шаралар өз деңгейінде толық орындалғанын. Өтілген іс-шараларға талдау жасап,келер оқу жылының жоспарына

Үшінші сұрақ бойынша мұғалімдер өздерін толғандырып жүрген сұрақтарын ортаға салып, пікір алмасты. Биылғы оқу жылында ұйымдастырылатын жазғы мектептің күнтізбелік жоспарын құру, оқушылардың біліміндегі олқылықтарды ескере отырып жоспарлау қажеттігі айтылды.

Шешімі:

1. 4-тоқсан және жылдық қорытындыны есепке ала отырып, жазғы мектептің күнтізбелік жоспарын құру
2. Келесі оқу жылына ӘБ жоспарын құруда , ұстаздардың ұсынысын ескеру.
3. Жазғы мектептің күнтізбелік жоспарын құрып, бекіту

Хатшы: Тохай Б.

Әдістемелік бірлестіктің №1 хаттамасы

Қатысқан:9
Күн тәртібінде:
1. 2021 - 2022 оқу жылына ҚР жалпы білім беру ұйымдарында ғылым негіздерін оқыту ерекшіліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.
2. 2021- 2022 оқу жылына әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын бекіту
3. 2019 - 2020 оқу жылына тақырыптық күнтізбе жоспарын бекіту
4. Төмендетілген пәндер бойынша талдау.

Тыңдалды:
Оқу ісінің меңгерушісі Нуркенова Ж.М 2021 - 2022 оқу жылына ҚР жалпы білім беру ұйымдарында ғылым негіздерін оқыту ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстырды.
* Жаңа 2021 - 2022 оқу жылына әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспары талқыланды. Төмендетілген оқу жүктемесімен үлгілік оқу жоспарына (2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрығымен өзгертулер мен толықтырулар енгізілді) сәйкес «География»," физика","биология","жаратылыстану" пәніндеріне апталық жүктемесі 1 сағат болды.
• 2021 - 2022 оқу жылына тақырыптық күнтізбе жоспарын бекітуге көрсетті.
Шешімі:
1. 2021 - 2022 оқу жылына әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын бекітілсін.
2. 2021 - 2022 оқу жылына тақырыптық күнтізбе жоспарын бекітілсін.

Шешімі:
1. Жоспарға сай іс - шаралар уақытында өткізілуі әр сынып жетекшісіне жүктелсін.
2. Осы шешімнің орындалуы әдістеме бірлестігінің жетекшісі Шайзан А. жүктелсін.
Хатшы: Шошақ Л.

Хаттама №2

2021 жылғы қыркүйектің 9 күні Жолымбет №2 орта мектебінің жаратылыстану әдістемелік бірлестігінің отырысы болып өтті.

Әдістеме жетекшісі:Шайзан Алия

Хатшысы: Шошақ Лида

Қатысқандар:9

Қатыспағандар:0

**Күн тәртібінде:**

1. Бөлім мен тоқсандық жиынтық бағалауды талдау
2. БЖБ, ТЖБ-ның кестесін құру пән мұғалімдері.
3. Аптасында 1 рет болатын сабақтар бойынша бөлім жиынтығын талдау.
4. Әртүрлі сұрақтар.

**Тыңдалды:**

1- сұрақ бойынша әдістемелік бірлестік жетекшісі Шайзан Алия сөз алып Бөлім мен тоқсандық жиынтық бағалауды талдаутақырыбында слайд арқылы таныстырып, тоқталып өтті.

Мұғалімдер аптасында 1 рет болатын сабақтар бойынша бөлім жиынтығын талдау қортындысы айтылды.

**Қаулы:** Төмендетілген оқу жүктемесімен үлгілік оқу жоспарына (2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрығымен өзгертулер мен толықтырулар енгізілді) сәйкес «География» пәнінің апталық жүктемесі 1 сағат болғанда тоқсандық жиынтық бағалау өткізілмейді, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылады.

Шешімі:

1. БЖБ, ТЖБ-ның кестесін құру пән мұғалімдеріне жүктелсін.
2. Осы шешімнің орындалуы әдістеме бірлестігінің жетекшісі Шайзан А. жүктелсін.

Оқу жылы бойы жетекшілік, бақылау сұрақтары, әдістемелік – ұйымдастырушылық сұрақтары қаралған екі әдістеме бірлестік отырысы өткізілді. Отырыста мындай сұрақтар қаралды:

- қазақ тілі мен әдебиеті,орыс тілі,ағылшын тілі пәндері бойынша білім сапасын көтеру;
- қазақ тілі,орыс тілі,ағылшын тілі сабағында жаңа технологияны қолдану және одан әрі дамыту;
- мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту;
- бірлестік онкүндігін өткізу;
- мектепішілік пән олимпиадасын өткізу;
- 9- сынып оқушыларының ОЖСБ-ға дайындығы;
- 11- сынып оқушыларының ҰБТ-ге дайындығы;
- дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс;
- оқу кабинеттерімен жұмыс;

Оқу жылының басында қазақ тілі мен әдебиеті,орыс тілі мен әдебиеті,ағылшын пәндері бойынша күнтізбелік жоспар құрылып, әдістемелік бірлестік отырысында қаралып, бекітілді. Басқару-бақылау жұмыстары бойынша II санатты мұғалімге жоғары санатты, санаты жоқ мұғалімге II санатты мұғалім тәлімгер етіп бекітілді.. Бірлестік мұғалімдері тәжірибе алмасу арқылы жұмысты нәтижелі жүргізуге тырысты.

2021-2022оқу жылында бірлестікте 7 мұғалім қызмет етті.

Оқу жылының басында 5 қыркүйек ҚР Тілдер күніне орай онкүндік өткізілді. Онкүндік декадаға мектептегі барлық оқушылар қамтылып, олар әр түрлі сайыстар мен іс-шараларға қатысты.

Қыркүйек айында 5 -11 сыныптар арасында мектепішілік пән олимпиадасы өткізілді. Олимпиада екі турдан тұрды. Жеңімпаз оқушылар марапатталды.
Қазан айында қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдерінің онкүндігі жоспарлы түрде өткізілді.

Қазан айында орыс тілі мен ағылшын тілі пән мұғалімдері апталық өткізді.

Пән мұғалімдері әр түрлі аудандық, облыстық семинарларға қатысып, пікір және тәжірибе алмасып тұрды және байқауларға, олимпиадаларға қатысты. 11 - сынып оқушылары қазақ тілінен ҰБТ тапсыруға дайындалып,апта сайын қосымша сабақ өткізілді. Пән мұғалімдері дарынды оқушылармен жұмыс жоспарын құрып, жыл бойы жұмыс жүргізді. Нәтижесінде олар мектепішілік, аудандық,облыстық байқауларға қатысып, өз білімдерін көрсетеді. Үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс жоспары құрылып, жұмыс жүргізілді.

Ауданға дер кезінде есептер беріліп отырды. Кітапханамен тығыз байланыс жасалып ,ақын –жазушылырдың мерейтойлары мектепте аталып өтілді.Әдістемелік бірлестік мұғалімдері жыл бойы қазақ тілін дамытуда және білім сапасын көтеруде белсене жұмыс жасап, өз үлестерін қосты.

**Әдістемелік бірлестік жетекшісі: Н.Аманкулоиа**